

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вонора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАННЕСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СІПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒӘМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Бүлекбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВОЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

көші-конды реттей алды. Қазіргі кезде еңбек миграциясына ерекше көңіл бөлініп отыр және еліміздегі облыс аралық миграциялық процесті реттеуде «Серпін» бағдарламасы көп нәтиже беріп келе жатыр. Сондықтанда миграциялық процесті реттеуді біртоталықтан қолға ала отырып, оның өткен тарихымен танысып жіберілген кемшіліктерден сабақ алып алға ұмтылуымыз, оның тарихын білу келешек ұрпаққа қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Численность, естественное движение и миграция населения КазССР в 1990 г. Алма-Ата, 1991.-С.21,22,23.
2. Экономика и статистика. №1-2/1999. С.91.; М. Х. Асылбеков., В. В. Козина. Казахи (демографические тенденции 80-90 годов). Алматы. 2000.-С.50-51. Алматы ақшамы., 2000 жыл, 9 ақпан.
3. Ахметова А.А. Вопросы теории и практики определения уровня и качество жизни населения. –М., 2011.
4. Потуданская В.Ф. Естественное и механическое движение населения и трудовых ресурсов Северных Казахстан: анализ моделирование и прогресс. –М., 2008.
5. Иванов Д.В. Вынужденная и трудовая миграция в международном и национальном праве.-М, 2010.
6. Программа демографического развития Республики Казахстан на 2001-2005 годы // Официальная газета. №46 (47), 17 ноября 2001 г.-С.4.
7. Уалтаева А.С. Население малых городов Казахстана (1959-2006 гг.). Автореф. Диссер.-Алматы, 2009.
8. Народнонаселение Казахстана в 2000 г.-Астана, 2001.-24 с.
9. Итоги миграции населения по Республике Казахстан. 1991-2002 гг. –Алматы: Агентство РК по статистике, 1992, 2003.
10. Садовская Е. Ю. Уезжают немцы из Казахстана. //Коре Ильбо. №13.29 март 2002 -С.1-6.
11. Сборник актов Президента РК и Правительства РК. 1997. №4.-С.53-55.
12. Демографический статистический сборник Казахстана, 1999. Статистический сборник.-Алма-Ата, 2000.-С.7.

Туменова Л.Е.

**ХІХ Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ
ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

Бөкей Ордасының зерттелу тарихы хандық құрылмас бұрын басталғанына бірнеше дерек көздері дәлел бола алады. 1768 жылы өңірге натуралист, орыс саяхатшысы И.И. Лепехин бастаған экспедиция келеді. Ол Өзен мен Қамыс - Самар көлдеріне зерттеу жұмысын жүргізеді. Алғашқы сапарынан кейін «Орыс мемлекетінің әр аймағына саяхат» атты еңбегі жарық көреді. 1769 жылы И.И. Лепехин аталмыш өңірге қайта саяхат жасап, Қызылжардан Гурьевке дейін, одан Каспий теңізінің солтүстік жағалауынан жүріп өтеді [1:12].

Келесі жылы (1770 ж) Паллас экспедициясы құрамында студент Соколов бар Нарын құмдары арқылы Каспий теңізінің шығысына өтеді. 1773 жылы мамыр айында Паллас Өзен арқылы Қамыс - Самарға жетіп, Нарын құмдарымен өтіп Боғда тауларына барған. Сол жылдың күзінде Георгий Орал қаласынан Өзенге дейін саяхаттаса керек. А. Харузиннің пікірі бойынша Лепехин, Фальк, Гмелин, Палластың біреуі де қазақтарды кезіктірмеген, себебі олар бұл кезеңде жайлауда болса керек. ХІХ ғасырда Бөкей даласында алғаш болған саяхатшы Таушер, 1806 жылы Еділден Жайыққа дейін саяхат жасайды. 1809 жылы ол саяхатын жалғастырып, Эльтон көлі, Чапчачи және Боғда тауларына зерттеу жұмысын жүргізеді. Таушер саяхатының нәтижесінде оның екі еңбегі баспадан шығады.

1815 жылы Қазан университетінің профессоры И. Ердмань Эльтон және Басқұншақ көлдерін зерттеуге келеді. 1825-1826 жылдары оның неміс тілінде екі еңбегі жарық көреді [2:15].

1826 жылы Эверсман Орал фортынан Өзенге дейінгі Нарын даласын жүріп өтеді. Араға үш жыл салып 1829 жылы ол жанына аптекарь Клаусты алып қайта келеді. Клаустың қасында студент Любвиг де болған. Олардың мақсаты зоологиялық және ботаникалық зерттеу жұмыстарын жүргізу болса керек. Бесшоқы мен Өзен маңына зерттеу жасағаннан кейін Клаус пен Любвиг Боғда тауын, Эверсман Каспий теңізін жағалай Гурьевке бет алған.

1827 жылы Карелин Қазан университетінің профессоры Э.А. Эверсманның экспедициясының құрамында Еділ, Жайық өзендерінің төменгі сағасын зерттеуге қатысады. Олардың маршруты қазіргі Фурманов, Жаңақала ауданы жеріндегі Қараөзен, Сарыөзендер арқылы бүкіл Бөкей даласын басып өтіп, оның орталығы Хан ордасына соғып, Нарын құмын бойлап, Үлкен сырт пен Еділ – Жайық аралығын қамтып кері оралады.

Бұл орыс ғалым-жазушысының өмірінде Бөкей ордасының қазақтары ерекше маңызға ие. Карелиннің ондағы қызметін үкіметте бағалап, қазақ даласы мен тіршілігін зерттегені үшін іс-қағаздар кеңесшісі болып тағайындалады. Бөкейлік қазақтармен тығыз байланыс орнатып, Жәңгір ханның қолынан ордада ғылыми жұмыс жүргізгені үшін марапатқа ие болады [3:121].

Карелин Жәңгір ханмен жақсы таныс болған. Ол туралы Ішкі Қырғыз ордасын басқару жөнінде Уақытша кеңестің архивінде, Бөкей Ордасын зерттеген ғалымдардың жазбаларында айтылады.

1828 жылы ол Жәңгір ханның шақыртуымен Хан Ордасына келіп тұрақтанып, ғылыми жұмыспен шұғылданады. Осы жылы Бөкей Ордасының алғаш картасын жасап, оған ғылыми сипаттама береді. Бұл еңбегі үшін Жәңгір оған бриллиант жүзік сыйлады, ол туралы Петербургтегі табиғаттану қоғамының хабарында жазылған. 1830 жылы Карелин бірыңғай ғылыми жұмыспен айналысу мақсатында әскери қызметпен біржола босанып, Сыртқы Істер Министрлігінің қарамағына өтіп, ресми түрде Жәңгір ханның кеңесшісі болып қызметке тұрады. Карелин Бөкей даласында географиялық, биологиялық зерттеулер жүргізіп, өңірдің өсімдіктер, хайуанаттар әлемі туралы бағалы мәліметтер жинады, олардан бай коллекция жасақтады [4].

1830 жылы Бөкей Ордасына ғалым - диалектолог, этнограф В.И. Даль екі рет жол салады. Ол бөкейлік қазақтардың тұрмыс салты мен әдет-ғұрпын зерттеді. 1832 жылы ботаникалық зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында өңірге Лессинг, 1834 жылы Ф. Гебель, К. Клаус, А. Бергман келіп, химиялық, физикалық, ботаникалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ф. Гебель физика, химиялық, К. Клаус ботаникалық зерттеулерге ден қойған. К. Клаус құстар мен жәндіктердің түрлерін жинақтап коллекция жасайды. 1838 жылы Ф. Гебель неміс тілінде екі томдық еңбегін жарыққа шығарады [5]. 1833 жылы жазында В.А. Перовскийдің нұсқауымен Даль шенеуніктік қызметпен Петербургтен Орынборға келеді. Ол 1833 жылы екі айлық сапармен Оралға, Гурьевке, Бөкей ордасына шығып, 2500 шақырым жүріп өтеді. Орынборға келгесін В.Г.Соколов жанұясымен байланыста болады. «Жазды далада өткізіп, атпен 1500 шақырым жүрдім» - деп, 1838 жылы тамыз айында жазады, - ол өзінің қазақ даласына деген сезімдерін жеткізеді.

1841 жылы өңірге Орыс географиялық қоғамының мүшесі, картограф Я.В. Ханьков жергілікті халықтың тұрмыс-салтын зерттеп, 1849 жылы «1841жылғы Ішкі Қырғыз Ордасының жағдайы» мақаласы жарық көреді [2:13]. Я.В. Ханьков өз еңбегінде Бөкей Ордасына географиялық шолу беріп, оның шарушылық, сауда, жер – жайылым жағдайы қысқаша баяндалады. Ал Исатай туралы «ол 1836 жылы бір бақташыны өлтіріп, өзі сотқа келмеді» - деп, қате мәлімет береді [6:5]. Кейбір деректерде Бөкей Ордасында Я.В. Ханьковтың інісі Н.В. Ханьков болғандығын келтіреді. Оның «Ішкі Істер Министрлігі» журналының 1844 жылы 8-санында «Ішкі және Кіші Ордадағы қырғыз халқы» атты еңбегі жарық көрген болатын.

1843 жылы Мемлекеттік Мүлік Министрлігінің бұйрығымен Бөкей Ордасына Дерпетский университетінің кандидаты, екі жыл қатарынан шетелде артезиан құдықтарын зерттеген инженер Нешель болады. Ол Еділ мен Жайық аралығындағы шөлейтті жерлерді суландыру жүйелерін зерттейді. 1846 жылы Қазан университетінен Бөкей Ордасына геогностикалық зерттеулер жүргізу үшін профессор П.Вагнердің басшылығымен үлкен экспедиция жасақталып, жолға шығады. Экспедиция мүшелігінде атақты химик А.М. Бутлеров, белгілі табиғат зерттеушісі М.Я. Киттары және Пятницкий болған. Экспедиция Владимирова арқылы Хан Ордасына келеді [2:16]. Ордадан П. Вагнер мен А.М. Бутлеров Глиниск портына одан Индерскіге барады. П.Вагнер Индерскіден жалғыз өзі Гурьевке және Александровск портына келеді. Кейіннен Бутлеров та Гурьевке бет алады. Екеуі Гурьевте кездесіп, Астраханға барған. Олар Астраханнан қондырау татарларының жері арқылы Бесшоқы, Чапчачи, Боғда тауларына жетіп, сол жерде Киттары мен Пятницкийлерге қосылады. Аталмыш экспедицияның нәтижесінде П. Вагнердің 1849 жылы неміс тіліндегі мақаласы, Киттарының Сыртқы Істер Министрлігі журналының 1849 жылы 27-санында «Ішкі Орда ханының ставкасы» атты мақаласы және «Қырғыз тойы», «Боғда тауы мен Басқұншақ көлі» атты мақалалары басылып шығады [5].

М.Я. Киттарының «Ішкі Орда ханының ставкасы» мақаласында «Ішкі Қырғыз даласының солтүстік – батысында Эльтон тұзды көлдерінен 61 верст қашықтықта кішкене тұрақ бар, ол «Хан

Ставкасы» деген атпен белгілі» дей келе, Хан Ставкасының тарихына қысқаша тоқталады. Хан Ставкасының құрылысының салынуы, бөлмелеріне сипаттама береді.

1850-1852 жылдары Бөкей Хандығында орыс географиялық қоғамының мүшесі, ғалым - этнограф П.И. Небольсин болды. «Еділдің төменгі сағасы» атты ғылыми еңбегі жарық көреді. Еңбектің бір тарауы Бөкей Ордасына арналып, онда рулардың атауы, Жәңгірдің халықпен қарым-қатынасы, Ставканың бейнесі, сауда, қазақтардың киім-кешегі туралы айтылады. 1853 жылы «Москвитянин» журналына А. Терещенконың «Дешті Қыпшақ және Ішкі қырғыз – қайсақ Ордасы іздерімен» мақаласы жарық көрген болатын. Автор бұнда Ахтуба ставкасынан Боғда тауларына дейінгі жолдарын сипаттайды. Жәңгір хан және оның ел басқаруы, қазақтардың тұрмыстық жағдайын да қозғайды [7:18].

1853 жылы Еділ өзені бойындағы балық аулау кәсіпшілігін зерттеу мақсатында неміс саяхатшысы К. Бэр келеді. Бұл неміс оқымыстысының көптеген еңбектері мен мақалаларының ұзын саны 273. 1854 жылы бұл өңірге геолог И. Ауэрбахтың бастауымен құрамына чертежник – топограф П. Корнилов, Н. Троицкийлер кірген ғылыми – зерттеу экспедициясы келеді. Экспедиция Кіші Боғда, Уақ тауы, Қара үйсін, Чапчачи көлдері мен Бесшоқы қыратын жан – жақты зерттейді. Экспедиция мүшелері Үлкен Боғда қыратынын маңындағы Дәулеткерей Шығаеттың ауылында болады. Жолсапардың жетістіктері жөнінде И.П. Карниловтың ғылыми – зерттеу еңбегі 1855 жылы орыс географиялық қоғамында шығады.

Қазақтардың малдарының түрлерімен танысуға және мал арасында жиі кездесетін оба індеттерінің шығу себептерін анықтау мақсатында Харьков ветеринарлық училищесінің профессоры Э.Островский сапармен келеді. Олар Хан ставкасында, Кіші және Үлкен Боғдада болып, мал ауруларының шығу себептерін анықтау үшін зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1859 жылы «Ішкі істер Министрлігі» журналында жарық көрген еңбегінде ол мал шаруашылығымен қатар Бөкей даласында топографиялық және гидрогеографиялық та сипаттамалар бар [8:39].

Э. Островский хан ставкасында дәріхана, дәрігер, мал дәрігері болғанымен, қазақтар олардың қызметіне көп жүгінбей, өздерінің емшілеріне көбірек сенетіндігін, құран оқып, мәйіт басына жерлеу сақталғанын жазады. Сондай – ақ ол Бөкей даласына, халық тұрмысына, сауда, өндіріске қатысты ақпараттар береді.

1862 жылы Мемлекеттік Мүлік Министрлігі журналының тамыз, қыркүйек, қазан айларындағы сандарында Т. Медведьев «Ішкі Бөкей Ордасы» деген мақаласы жарық көреді. Автор өңірдің табиғаты, климаты, қазақтардың өмірі, қыс кезінде тұратын киіз үйлері, мал ішіндегі таралып отырған аурулар, тері илеу кәсіпшілігі жөнінде жан-жақты баяндайды.

1865 жылы Санкт-Петербургтің ботаникалық бағына өсімдіктердің дәндері мен тамырларын жинақтауға Бөкей Ордасына А. Бекерь саяхат жасайды. Сапары 2-3 күн ғана болған екен. 1866 жылы ол 45 беттік еңбегін жарыққа шығарады. Еңбегінің соңғы бетінде осы Бөкей даласынан жинақталған жәндіктердің тізімін берген.

1867 жылы И. Казанцевтің «Қырғыз – қайсақтар жөніндегі жазбалар» атты мақаласы жарық көрді. Мұнда да Жәңгір мен оның отбасы, мал шаруашылығы мен сауда – саттық саласына сипаттама береді.

1870 жылы Бөкей Ордасына жер астындағы тұз көлдерін зерттеуге инженер-технолог Никитинский келеді. Ол Боғда тауы, Басқұншақ маңындағы тұзды көлдерге зерттеу жүргізеді. Кейін осы зерттеулері жөнінде «Астрахань губерниясындағы тұнба тұздар» деген шағын мақаласы жарық көреді [5].

Орыстың шығыстанушысы, әйгілі библиограф және этнографы –А.Е.Алекторов 1886 жылы Бөкей Ордасындағы орыс – қазақ мектептерінің инспекторы қызметін атқарады. 1898 жылдан бастап қазақ халқының тарихын, экономикасын, этнографиясын және фольклорын зерттеуге ден қойып; Бөкей Ордасында, Орынбор өлкесінде және Торғай облысында ағарту ісінің жағдайы туралы мақалалар жазады. Алекторовтың ерекше белгілі болған зерттеуі – «Қырғыздар туралы библиография» бұған оның барлық дерлік еңбектері енді.

1888-1891 жылдары Бөкей Ордасына орыстың этнографы, археологы А.Н. Харузин келіп, зерттеу жұмыстарын жүргізді. А. Харузин 1887 жылы Императордың жаратылыстану, антропология және этнография ғылыми мүшелерімен Бөкей даласына зоологиялық және антропологиялық салада зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін барады. Ол маусым айы бойы өзіне қызықты зоологиялық бағыттағы материалдар жинақтайды. Хан ставкасында ол антропологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Шілде айында Кіші Боғда, Қамыс-Самар өзендері мен Чапчачиде болады. 1888 жылы жаратылыстану қоға-

мынан Бөкей даласына қайта сұранады. Бұл жолы да Қамыс-Самар бөлігі, Талов аймақтарында болып, қалған уақытын Ставкада өткізеді [2:32].

1891 жылы Санкт – Петербургтің «Қырғыз – қайсақтар жөніндегі этнографиялық жазбалар» атты еңбегінде өлкенің халқы, жер жағдайы өзіне дейінгі зерттеу жұмыстары жөнінде жақсы мағлұматтар келтірген [9]. Бөкейлік қазақтардың рулық және қоғамдық жағдайларына, отбасы қатынастарына, сот өндірісіне және сот құрылымдарына, діни көзқарастарына, ән-жырларына, ойын-сауықтарына, тұрмыстық ерекшеліктеріне, сондай-ақ өзінің антропологиялық бақылауларына кең орын береді. Ол «Дала очерктерінде» Бөкейлік қазақтар жартылай көшпенділер отырықшылықпен арадағы өтпелі кезеңде тұрғандар екендігін әңгімелейді [10:33].

Қазан төңкерісіне дейінгі еңбектердің ішінен Б.Аспандияров А.Харузиннің «Бөкей Ордалық қырғыздар» шығармасын жоғары бағалайды. Оның аталмыш еңбегі антропологиялық – этнографиялық сипатта болса да, Бөкейлік қазақтардың тұрмыстары сыни тұрғыдан қарастырылған деп тұжырымдайды [7:19].

А. Харузиннің «Бөкей Орда қазақтары» деген атпен еңбегінің екінші басылымы 1891 жылы жарық көреді. Астрахань мұрағатында бұл еңбектің екі басылымы да сақталған. А. Харузиннің 1890 жылы «Бөкей даласының қорғандары» деп аталатын шығармасы баспадан шығады. Автор бұл еңбегінде тұрғындардың ата-тегі, адамдардың қайтыс болу себептері, қорғандардың орналасуы, қазақтардың қорғандарға деген көзқарасы, олардың зерттелуі жөнінде жазған [11:5]. XIX ғасырдың бірінші жартысында Орта Азия мен Қазақстанға деген қызығушылықтың ағылшындар тарапынан да болғандығын зерттеушілер дәлелдеп жүр. Мәселен, Д. Аббот 1843 жылы жазған 2 томдық еңбегінде, өзінің 1840 жылы мамыр айында Кіші жүз территориясында болған, қазақтарды қонақжай, әділ халық деп бағалайды. Хаввер Холмер де Хелл Бөкей Ордасының қысқаша тарихын жазған [12: 5].

XIX ғасырдың екінші жартысында Бөкей Ордасынан шыққан ірі қоғам қайраткерлігімен бірге атақты ғалым әрі жазушы болған адам – Мұхаммед – Салық Бабажанов.

Оның қаламынан туған еңбектердің біз білетіндері: «Орал қазақ – орыстары мен Ішкі орда қазақтарының айтысы», «Қырғыздың қырғыз туралы жазбалары», «Нарын құмы жөнінде мәліметтер», «Ішкі қырғыз Ордасының жылқылары мен оны бағу», «Қымыз туралы жаңалықтар». Осы еңбектері үшін ол 1859 жылы Ресей сауда, өнеркәсіп және экономикалық ғылым қоғамының толық мүшесі болып сайланды. Этнографиялық еңбектері үшін жоғары бағаланып, алтын медальмен марапатталған. Патшалы Ресей заманында генерал – лейтенант атағын тұңғыш алған қазақ.

Патша шенеуніктері жер атаулары мен адам аттарын тілді білмеген соң бұрмалап жазған. Кейбір тарихшылар бұны ескермей, шенеуніктер жіберген қателіктерді қайталаған десек артық болмас. Олардың арасында да Орда тарихын шынайы қарастыруға қадам жасап, тұрғындардың қал-жағдайын, ел тұрмысын жазғандары да болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. А. Харузин. Киргизы Букеевской Орды. Москва, 1889.
2. А. Харузин. Библиографический указатель статей, касающихся этнографии Киргиз и каракиргизов с 1734 по 1891 – Москва, 1891.
3. Ж. Ақбай. Нарын – Казахия. – Орал, 1999.
4. А. Хамзин. Өлкеміздің тарихы ол кісіге қарыздар // Орал Өңірі. – 1991. - 5 шілде.
5. Т. Шәріп – Қали. Бөкей Ордасын зерттеген шетел саяхатшылары. // Орал Өңірі. – 1999. – 22 желтоқсан.
6. И.Н. Кенжалиев. Ғұмар Қараш. Орал: БҚМУ баспаханасы, 2004.
7. Б. Аспандияров. Оброзование Букеевской Орды и ее ликвидация. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007.
8. М. Кулькенов. Букеевской Орде 200 лет 3 книга. Алматы: Өлке, 2001.
9. С.М. Гиззатов. Бөкей Ордасындағы аграрлық саясат // тарих ғылым. кандидаты авторефераты. - Орал, 2010.
10. Қазақтар – Казахи. (7-том)- Алматы: Білік, 2003.
11. А. Харузин. Курганы Букеевской степи - Москва, 1890
12. Л.Б. Бердіғожин. Ішкі Ордадағы М.Өтемісұлы мен И.Тайманұлы бастаған ұлт – азаттық көтеріліс // Тарих ғылым. кандидаты авторефераты. - Қостанай, 1999.